# Тәжірибесімен бөлісті

**С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханасында «Saryarqa samaly» газетінің ардагері, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Облыс алдында еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Сая Молдайыптың «Биіктік» кітабының таныстырылымы өтті.**

Шараға жоғары оқу орындарының студенттері мен журналистикаға қадам басып келе жатқан тілшілер де қатысты. Ардагер журналист Сая Молдайып кездесуде тәжірибесімен бөлісті.

- ҚР Еңбек сіңірген әртісі, театр және кино актрисасы Шолпан Байбағыл апайымыздың «дұшпан - қайрақ, мен - пышақ» деп айтқан кеңесі әлі күнге дейін азық болып келеді. Сұхбат алған кейіпкердің өмірімен танысып қана қоймай, зерттей білу журналист үшін маңызды, - дейді С.Молдайып. Қазіргі журналистиканың беталысы, заманауи тілшіге қажетті қасиеттері төңірегінде кеңестерін айтты. Тілшінің жан-жақты ізденімпаз, білімге құмарлығымен қатар, бүгінгі талапқа сай кем дегенде шет тілді еркін меңгеру қажеттігін атап өтті.

Шара барысында ақпарат саласының үздігі жастардың сауалдарына жауап беріп, ерекше сұрақ қойған студенттерге «Биіктік» кітабын табыс етті.

Кеш соңында Торайғыров университетінің әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат кафедрасының оқытушылары Сая Молдайыпты арнайы дәріс өткізуге шақырды.

**Махаббат ТӨЛЕБАЙ.**

Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.